

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2026 жылғы 11 наурыз

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті Сенат депутаттары және отырысқа қатысушылар! Жұмысымызды бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Қажетті кворум бар. Сенат отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Түркі мемлекеттері ұйымының Азаматтық қорғау тетігін құру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қарау жөнінде.

Заң бойынша баяндама жасау үшін сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Лукин Андрей Ивановичке беріледі.

ЛУКИН А.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! На ваше рассмотрение выносится Закон Республики Казахстан «О ратификации Соглашения о создании Механизма гражданской защиты Организации тюркских государств».

Закон направлен на формирование правовой основы для создания совместной системы реагирования на чрезвычайные ситуации, повышение эффективности оказания экстренной помощи, а также укрепление координации между компетентными органами государств – членов Организации тюркских государств.

Ратификация соглашения позволит объединить усилия государств-участников в вопросах спасения жизни и защиты имущества граждан, оказания медицинской и гуманитарной помощи, а также мониторинга и анализа рисков возникновения природных и техногенных катастроф.

Соглашением предусматривается создание административной структуры управления Механизмом гражданской защиты. В качестве высшего органа будет функционировать Совет министров, а также Секретариат.

Совет министров будет осуществлять свою деятельность посредством регулярных встреч профильных министров, которые планируется проводить не реже одного раза в год. При этом председательствовать в Совете министров будет министр государства, председательствующего в Организации тюркских государств.

Секретариат Механизма гражданской защиты будет возглавляться Генеральным секретарем, который назначается Советом министров на ротационной основе сроком на три года с возможностью продления полномочий максимум на два года.

Штаб-квартира Секретариата будет расположена в городе Стамбуле. Турецкая Республика берет на себя обязательства по предоставлению помещения и содействию в организационном становлении Секретариата.

В рамках реализации соглашения также предусматриваются разработка единых стандартов профессиональной подготовки спасательных подразделений, проведение совместных учений, а также реализация программ обмена опытом между государствами-участниками.

Оказание помощи будет осуществляться на добровольной основе по запросу пострадавшей стороны, а решения о ее предоставлении будут приниматься на основе консенсуса.

Кроме того, соглашением предусмотрены финансовые обязательства сторон. Механизм гражданской защиты Организации тюркских государств будет иметь собственный бюджет, формирующийся за счет ежегодных обязательных взносов государств-участников.

До вступления в силу отдельного международного договора о бюджете предусмотрен ежегодный обязательный взнос для каждой стороны в размере 50 тысяч долларов. При этом расходы, превышающие общий объем указанных взносов, в течение первых двух лет с даты вступления соглашения в силу будет покрывать Турецкая Республика.

В целом принятие данного закона имеет важное стратегическое значение для повышения уровня защиты населения и территорий государств – членов Организации тюркских государств. Создание Механизма гражданской защиты позволит оперативно мобилизовывать ресурсы стран-участниц при возникновении чрезвычайных ситуаций, что будет способствовать укреплению региональной стабильности и безопасности.

Постоянные комитеты Сената замечаний и предложений по данному закону не имеют.

С учетом изложенного Комитет по международным отношениям, обороне и безопасности в соответствии с пунктом 4 статьи 61 Конституции Республики Казахстан рекомендует одобрить Закон Республики Казахстан «О ратификации Соглашения о создании Механизма гражданской защиты Организации тюркских государств».

Благодарю за внимание. Доклад окончен.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, заң бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Орынбеков Бекболат Серікбекұлына беріледі.

ОРЫНБЕКОВ Б.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Сұрағым Төтенше жағдайлар министрлігінің өкіліне.

Құрметті Кеген Ахметұлы, бүгін қаралып жатқан заңды сөзсіз қолдаймын. Осындай үйлесімді жүйенің арқасында түркі мемлекеттері арасында азаматтық қорғау саласындағы өзара қолдау мен ынтымақтастық одан әрі күшейе түседі деп сенеміз. Сондай-ақ азаматтық қорғау тетігінің бастапқы символдық міндетті төлемі 50 мың АҚШ долларын құрайды және алдағы уақытта жеке халықаралық шартпен толыққанды бюджетін қалыптастыру көзделген. Осы орайда сұрақ туындайды.

Тараптардың міндетті төлем жарналары шығыстардың қандай негізгі санаттарына жұмсалатын болады? Рақмет.

ТӨРАҒА. Төтенше жағдайлар вице-министрі Тұрсынбаев Кеген Ахметұлы, жауап беріңіз.

ТҰРСЫНБАЕВ К.А. Сұрағыңызға рақмет.

Біріншіден осы айтып өткен баяндамада әрбір мемлекет 50 мың АҚШ долларын төлейді. Сол жиналған қаражаттың бюджеті үш негізгі санат бойынша бөлінеді.

Біріншісі ағымдағы шығыстар. Өйткені сол жерде Түрік мемлекеті ғимарат береді. Бұл сол ғимараттың техникалық қызметтеріне, коммуналдық қызметтеріне, байланысқа, басқа да техника алуға арналған шығыстар.

Екіншісі күрделі шығыстар. Төтенше жағдайлар қызметкерлері сол жақта жұмыс істеген кездегі солардың әлеуметтік сақтандыру жарнасы және осы қызметкерлердің жалақысына арналған шығыстар.

Үшіншісі іссапар шығыстары. Көмек көрсету жөніндегі шығыстар бір аймақтарда төтенше жағдайлар болғанда сол мемлекетке баратын қызметкерлердің (күтқару жұмыстарын өткізетін, жою жұмыстарын өткізетін) көлік шығыстары. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Әйткенов Ернұр Нұрмұханұлына беріледі.

ӘЙТКЕНОВ Е.Н. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Мои вопросы адресованы представителю Министерства по чрезвычайным ситуациям.

Основная цель Механизма гражданской защиты Организации тюркских государств заключается в создании совместного механизма реагирования на стихийные бедствия и чрезвычайные ситуации. Однако создание единой системы управления требует сопряжения национальных законодательств и протоколов реагирования, чтобы развертывание сил в первые часы после катастроф не замедлилось. В этой связи у меня ряд вопросов.

Какая работа будет проводиться в рамках данного Механизма гражданской защиты по гармонизации протоколов реагирования?

Каким образом в условиях реализации поддержки на принципе добровольности сторон, а также принятия решения о предоставлении помощи другим государствам на

основе консенсуса будет обеспечиваться гарантированность и своевременность оказания помощи?

Не приведет ли это к затягиванию процесса принятия решения, тогда как в чрезвычайных ситуациях необходимо быстрое принятие решения? Спасибо.

ТӨРАҒА. Кеген Ахметұлы, жауап беріңіз.

ТҮРСЫНБАЕВ К.А. Спасибо за вопросы, Ернур Нурмуханович.

По первому вопросу по гармонизации протоколов реагирования. Будут разработаны иные соответствующие стандарты профессиональной подготовки, а также будут приняты совместная стратегия и планы реагирования.

Что касается принятия решения на добровольной основе. Те страны, которые участвуют в Механизме гражданской защиты, независимо от того, что какая-либо сторона отказывается от оказания помощи, решение будет принято, остальные могут оказывать помощь. Это не только материальная, спасательная, но и консультативная помощь.

Что касается других государств, которые не состоят в Организации тюркских государств, естественно, решение об оказании помощи будет приниматься на основе консенсуса. Те страны, которые состоят в Механизме гражданской защиты (у них есть двухсторонние соглашения), могут оказывать помощь. Это не возбраняется.

Что касается сроков реагирования. Есть определенная международная норма. Первые двое суток обычно самые активные. Поэтому в течение 6-12 часов соответствующей стороне, которая запросила помощь, мы должны дать информацию, какую помощь мы можем оказать. И течение одних-двух суток наши спасатели должны прибыть на место проведения аварийных работ. Спасибо.

ТӨРАҒА. Рақмет. Басқа сұрақтар жоқ.

Рақмет, Андрей Иванович. Орныңызға отырыңыз.

Құрметті әріптестер, енді заңды талқылауға көшейік.

Сөз депутат Шиповских Геннадий Геннадиевичке беріледі.

ШИПОВСКИХ Г.Г. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Қаралып отырған «Түркі мемлекеттері ұйымының Азаматтық қорғау тетігін құру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы төтенше жағдайлардың алдын алу және олардың салдарын жою саласындағы мемлекеттер арасындағы өзара іс-қимылды күшейтуге бағытталған.

Бүгінгі таңда табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар бір мемлекеттің шеңберінен асып түсетін күрделі қауіп-қатерлерге айналып отыр. Мұндай жағдайда бауырлас мемлекеттердің күш-жігерін біріктіруі, өзара тәжірибе алмасуы және жедел көмек көрсету тетіктерін дамытуы ерекше маңызға ие. Жер сілкінісі, су тасқыны, орман өрттері және басқа да төтенше жағдайлар кез келген елде орын алуы мүмкін. Сондықтан мемлекеттер арасындағы өзара көмек пен бірлескен әрекет ету тетіктерінің болуы уақыт талабы. Осы тұрғыдан алғанда Түркі мемлекеттері ұйымының Азаматтық қорғау тетігін құруы өзекті әрі маңызды бастама болып табылады. Бұл тетік мүше

мемлекеттердің құтқару қызметтері арасындағы өзара іс-қимылды жедел үйлестіруге, бірлескен оқу-жаттығулар өткізуге және азаматтық қорғау саласындағы мамандардың кәсіби даярлығын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Келісімде көрсетілгендей, көмек зардап шеккен тараптың сұрауы бойынша ерікті негізде көрсетіледі, ал шешімдер консенсус арқылы қабылданады. Бұл мемлекеттердің егемендігін құрметтеу және тең әріптестік қағидаттарына толық сәйкес келеді. Аталған заңды қабылдау Қазақстанның түркі мемлекеттерімен төтенше жағдайларға әрекет ету саласындағы ынтымақтастығын нығайтуға, халықтың қауіпсіздігін арттыруға және төтенше жағдайларға дайындық деңгейін күшейтуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, келісімді ратификациялау Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне толық сәйкес келеді және өңірлік қауіпсіздікті нығайтуға өз үлесін қосады.

Құрметті әріптестер, осыған байланысты аталған заңды қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң бойынша шешім қабылдайық.

«Түркі мемлекеттері ұйымының Азаматтық қорғау тетігін құру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңын мақұлдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң мақұлданды.

Құрметті әріптестер! Қаралған келісім Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдердің аумағында апаттармен және төтенше жағдайлармен тиімді күресу үшін жасалып отыр. Осы мақсатпен бірлескен іс-шараларды үйлестіруді көздейтін тетіктер қабылданды. Жалпы, бұл заң құтқару қызметтерінің кәсіби даярлығын күшейтуге, сондай-ақ бауырлас елдер арасындағы ынтымақтастықты нығайтуға оң ықпалын тигізеді деп сенеміз.

Осы заң бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасының ережелерін түсіндіру аясында Сенат депутаттарының өңірлерге шығу қорытындылары бойынша ақпаратты тыңдау жөнінде.

Өздеріңізге белгілі, соңғы екі апта бойы депутаттар жаңа Конституция жобасының негізгі ережелерін түсіндіру мақсатымен өңірлерге барды. Әріптестеріміз 600-ге жуық кездесу өткізіп, түрлі форматтағы іс-шараларға қатысып келді. Бұл кездесулердің нәтижесі бойынша ақпаратты Сенаттың отырысында тыңдауды жөн көрдік.

Атқарылған жұмыс туралы баяндау үшін алғашқы сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің төрағасы Бекназаров Нұрлан Құдиярұлына беріледі.

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Мемлекет басшысының бастамасымен конституциялық негіздерді жаңғыртуға, мемлекетіміздің тұғырын нығайтып, орнықты саяси жүйені кешенді түрде қалыптастыруға бағытталған реформалар аясында елімізде жаңа Ата заң жобасы кеңінен талқылануда. Осы орайда Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті мүшелерінің жаңа Конституция

жобасы бойынша еліміздің бірқатар өңірлерінде жүргізген ақпараттық түсіндіру жұмыстарының нәтижелеріне қысқаша тоқталып өтейін.

Сенат депутаттары өңірлерде жергілікті мәслихаттармен бірлесіп, тұрғындармен, еңбек ұжымдарымен, қоғамдық ұйымдар өкілдерімен және жастармен ауқымды кездесулер өткізді. Барлық іс-шаралар орталық және жергілікті телеарналарда, әлеуметтік желілерде кеңінен жарияланып, белсенді ақпараттық қолдау тапты. Комитет мүшелерінің аймақтарда атқарған жұмыстары комитет отырысында да нақтыланып, талқыланды.

Кездесулер Астана, Алматы және Шымкент қалаларында, сондай-ақ Абай, Түркістан, Ұлытау, Жамбыл облыстарында ұйымдастырылды. Назар аударатын жайт, ақпараттандыру іс-шаралары тек орталықтарда ғана емес, Түркістан облысындағы Шалдар, Шаян, Темірлан, Ұлытау облысындағы Ақтүбек, Жәйрем, Абай облысындағы Қарағайлы, Қара ауылдары секілді облыс орталығынан тым алыс орналасқан елді мекендер тұрғындарын да қамтыды.

Жиындарда жаңа Конституция жобасының мазмұны мен маңызы жан-жақты түсіндіріліп, азаматтардың пікірлері мен ұсыныстары тыңдалды. Әсіресе, құқықтық, әлеуметтік мемлекет құру, заң үстемдігін нығайту, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейту мәселелері кеңінен талқыланды.

Жергілікті қоғамдастық өкілдері конституциялық реформалардың ел дамуы үшін стратегиялық маңызы ерекше екенін атап өтіп, Мемлекет басшысы жүргізіп отырған саяси жаңғыру бағытының оңды жалғасы екеніне және елдің тұрақты дамуына жаңа серпін беретініне сенімдерін білдіріп, қолдауларын көрсетті.

Комитет қызметінің салалық бағыты ретінде жаңа Конституция жобасында қарастырылған бірқатар маңызды құқықтық жаңашылдықтар азаматтармен қызу талқыланды. Конституция жобасы Қазақстанның тәуелсіздігін, егемендігі мен аумақтық тұтастығын қорғаудың өзегі болып табылатынына баса назар аударылды. Жаңа Ата заң жобасында еліміздің негізін құраушы қағидаттары бекітіліп, бүгінгі мен болашағына бағдар болатын жалпы ұлттық құндылықтардың айқындалуы терең түсіндіріліп, азаматтар тарапынан қоғам мен мемлекеттің стратегиялық даму үрдістерінің талаптары толық көрініс тапқаны атап өтілді.

Құжаттың кіріспе бөлігінде алғаш рет адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің маңызды басымдығы ретінде бекітілуі қоғамда ерекше қолдау табуда.

Жаңа Конституция жобасында ел дамуының адамға бағдарлануы, оның құқықтары негізгі басымдық ретінде айқындалуы және оларды іске асыру кепілдіктері кеңінен талқыланды. Азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын, жауаптылықты белгілейтін немесе күшейтетін заңдардың кері күшінің болмайтындығы атап өтілді. Конституция жобасына адамдарды сот шешімінсіз тұрғын үйден айыруға және шығарып жіберуге жол берілмейтін нақты норманың енгізілуі азаматтарға оң әсер етті.

Сонымен қатар Конституциялық Соттың, сот жүйесінің, құқық қорғау органдарының, сондай-ақ адвокатура институтының рөлін конституциялық негізде күшейту маңызды екендігі де айтылды. Олардың қатарында сот жүйесінің тәуелсіздігін және азаматтардың құқықтарын қорғау деңгейін арттыруға, сот ісін жүргізу нысандарының

қатарының кеңеюіне, сот ісін жүргізуге алқабилердің заңда көзделген жағдайда қатысатынын нақтылауға қатысты ережелер де азаматтар назарынан тыс қалмады.

Адвокаттық қызмет бойынша жеке баптың қарастырылуына қатысты адам құқықтарын қорғаудың тиімді кепілдіктермен қамтамасыз ететіні туралы пікір алмасу болды. Сонымен қатар Конституцияның жаңа жобасында «Әділетті Қазақстан» және «Заң мен тәртіп» қағидаттарының басты бағдар ретінде бекітілуі, заң үстемдігін қамтамасыз ете отырып әділеттілік пен қоғамдық тәртіпті нығайтуға басымдық берілуінің ерекше маңыздылығы түсіндіріліп талқыланды. Жалпы алғанда, азаматтардың Ата заңның әрбір бабын мұқият зерделеп, оның мазмұнын және болашақтағы ықпалын кеңінен талқылауы қоғамдағы саяси мәдениеттің өскенін және азаматтық жауапкершіліктің артқанын көрсетті.

Азаматтарымыз Конституция жобасы мәтінінің қазақ тілінде түсінікті етіп әзірленуі, оның мазмұны туралы ашық және толыққанды мәліметтің берілуі аса маңызды екеніне назар аударды.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірлі әріптестер! Жаңа Конституцияны қабылдау – еліміздің саяси және құқықтық дамуының жаңа кезеңін айқындайтын маңызды жауапты қадам.

Мемлекет басшысы жаңа Конституция жобасы қоғамдағы өзекті құндылықтар мен мемлекеттік саясат қағидаттарын айқындап қана қоймай, Қазақстанның одан әрі прогрессивті дамуына негіз қалайтынын атап өтті.

Еліміздің түбегейлі жаңғырту стратегиясы мен қағидаттарын одан әрі орнықтыру мақсатына сай әзірленген Ата заңымыздың жобасына 15 наурызда бүкілхалықтық референдумда азаматтарымыз белсенділік танытып, ел болашағы үшін тарихи маңызды сәтте өз таңдауын жасайтын болады деп күтеміз.

Назар қойып тыңдағандарыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Нұрлан Құдиярұлы.

Келесі сөз Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы Мәкежанов Сұлтанбек Алмасбекұлына беріледі.

МӘКЕЖАНОВ С.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметі әріптестер! Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Қаржы және бюджет комитетінің мүшелері еліміздің Қарағанды, Жамбыл, Маңғыстау, Ақмола, Қостанай, Алматы өңірлерінде болып, жаңа Конституция жобасын халықпен кеңінен талқылап, азаматтардың құқықтарын қорғау мен әлеуметтік-экономикалық кепілдіктер мәселелері жан-жақты түсіндірілді.

Кездесулерде Ата заң жобасы «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасына негізделіп, мемлекеттің жаңа басқару жүйесі, саяси архитектурасын түбегейлі өзгертіп, әділетті Қазақстанның конституциялық көрінісіне енген ең жоғарғы нормалар жинағы деп ерекше аталды. Бұл ретте біраз аудандардың облыс орталығынан қашықтығына қарамастан, мысалға, Жамбыл облысы Мойынқұм ауданының, Қостанай облысы Федоров ауданының, Маңғыстау облысы Бейнеу ауданының тұрғындары Конституцияның жаңа нормаларын қолдай отырып, білім беру, ауылдық инфрақұрылым мәселелерін шешу бойынша және қарапайым жұмысшының өміріне әсер ететін әлеуметтік кепілдіктер мәселелерін көтеріп, қанағаттанарлық жауаптар алды.

Еңбек ұжымдарымен, ардагерлермен, студенттермен және тұрғындармен өткен барлық кездесулер барысында референдум өткізуге белсенді қатысу қажеттігі туралы үндеулер мен қолдау сөздері айтылды. Мемлекет басшысының жаңа Конституция жобасын «Адам мемлекет үшін емес, мемлекет адам үшін» қағидаты деп атап көрсеткеніндей, Конституцияның 1-бабында адам мен оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең жоғарғы құндылықтары ретінде анықталғандығы жоғары қолдау тапты. Сондай қызу қолдау тапқан баптар Ата заңның 32-бабы және 33-бабы деп айтуға болады. Ол нормаларда азаматтарымыздың медициналық көмек пен білім алу құқығы сақталып, мемлекет арқылы қаржыландырылатындығы туралы баса айтылды. Шын мәнінде, негізінен бұл аталған қызметтердің барлығы дерлік әрдайым мемлекет бюджеті есебінен қаржыландырылып келеді. Мәселен, жыл сайынғы мемлекеттің бюджетінің шамамен 40 пайызы әлеуметтік салаға бағытталатыны барлығыңызға белгілі.

Конституцияның 2-бабында тәуелсіз мемлекеттің негіздері айқындалған. Осы 2-бапта экономикалық және саяси егемендіктің элементі ретінде біздің ұлттық валюта – теңге белгіленген. Ұлттық валютамыз егемендіктің символы, тәуелсіздіктің экономикалық негізі және Қазақстанның жаңа тарихының әрі болашағының бір бөлігі. Ұлттық валюта тарихының қалыптасуы мен дамуы көптеген тарихи кезеңдерден өтті және бүгінде ол жаңа заманауи нысанға – цифрлық теңге дәрежесіне дейін көтерілді. Цифрлық теңге қаржы саласында көптеген міндеттерді тиімді шешуге мүмкіндік беретін перспективалы инновация.

Аталған мәселелер де халықпен кездесуде ерекше аталып өтті. Бүгінде ғылыми прогресс нәтижесінде технологиялар қарқыны күшейіп, жасанды интеллект арқылы цифрлы платформалар үдерісі өте жылдам дамуда. Бұл әрине адамдардың құқықтары мен бостандықтарына тікелей әсер етуде. Экономика мен қаржы салалары негізінен цифрлық платформаға көшіп, халыққа қызмет жасау тетіктері онлайн форматқа көшті. Ондағы көптеген ақпараттық деректер де ұлттық ресурс ретінде бағаланып, құпиялық пен ақпараттық қауіпсіздік мәселесі ұлттық қауіпсіздік дәрежесіне көтерілді. Бұл маңызды жаңалық та кездесу кезінде жан-жақты талқыланып қолдау тапты.

Қазіргі таңда әлемде инвестициялар үшін бәсекелестік өте жоғары екені белгілі. Сондықтан арнайы құқықтық режимдерді Конституцияның деңгейінде бекіту өңірлік дамуда жаңа технологиялар мен инфрақұрылымдарды тартуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде нақты өсу нүктелерін дамыту шикізатқа тәуелділіктен арылуға мүмкіндік береді. «Жедел даму қалалары» жаңа индустриалды, қаржылық хабтарды қалыптастырып, экономиканы әртараптандыруға ықпал ететіндігі туралы барлық кездесулерде қолдау тапты. Мәселен, бүгінде Астанада ерекше режимде жұмыс жасайтын «Астана» халықаралық қаржы орталығы арқылы ел экономикасына 20 миллиард АҚШ долларынан астам инвестиция тартылып, нәтижесінде жаңа жұмыс орындары ашылып, инфрақұрылым дамуда.

Қорыта айтқанда, жаңа Конституция жобасы мемлекеттің дамуына тек қана құқықтық шеңбер айналасында ғана емес, сонымен қатар рухани құндылықтықтарға да мән беріп, қоғам мен билік үшін ортақ бағдарларды қалыптастыратын ұзақ мерзімді Ата заң жобасы деп аталды.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Келесі сөз Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы Лукин Андрей Ивановичке беріледі.

ЛУКИН А.И. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметі әріптестер! Сегодня в нашей стране проходит важный этап общественного обсуждения проекта новой Конституции Республики Казахстан. Конституция – это фундамент государственности и основной общественный договор, который определяет систему власти, границы ответственности государства и стратегическое направление развития страны на многие десятилетия вперед.

В условиях глобальной нестабильности и трансформации международных отношений значение конституционных основ государства существенно возрастает. История показывает, что устойчивость страны определяется не только экономикой или военной силой, но прежде всего прочностью ее политических институтов и силой закона.

В рамках выезда члены нашего комитета провели ряд рабочих встреч. Мы намеренно сфокусировались на отдаленных территориях: побывали в приграничных районах страны, в ряде населенных пунктов на западе и юге Казахстана.

Главный вывод наших встреч очевиден: люди поддерживают новую Конституцию как важный инструмент укрепления стабильности и независимости страны.

Во время одной из встреч жители сельского округа Иргизского района Актюбинской области отметили, что в документе широко отражены инициативы по укреплению верховенства закона, защите прав граждан и совершенствованию социальных гарантий.

В приграничных районах области Жетысу наши соотечественники подчеркнули, что сильное государство – это прежде всего защищенные границы и развитие инфраструктуры, особо отметив нормы, прямо закрепляющие суверенитет, государственность, неприкосновенность границ и территориальную целостность Республики Казахстан.

В промышленных центрах севера рабочие коллективы акцентировали внимание на том, что новая Конституция должна закрепить справедливое распределение национального дохода и обеспечить достойные условия труда.

Хотелось бы остановиться на ключевых принципах проекта Конституции, которые волнуют наших граждан. Прежде всего это защита суверенитета и независимости государства. А в условиях усиливающейся геополитической конкуренции и перераспределения центров силы в мире вопрос суверенитета перестает быть абстрактным понятием. Речь идет о способности государства самостоятельно определять свою внутреннюю и внешнюю политику, защищать свои национальные интересы и обеспечивать неприкосновенность территориальной целостности. Проект новой Конституции закрепляет именно такую правовую основу.

Не менее важным является укрепление системы национальной безопасности. Современные угрозы становятся все более сложными: это международный терроризм, транснациональная преступность, информационные и киберугрозы. Поэтому государству необходима прочная конституционная база для эффективной работы институтов безопасности и укрепления обороноспособности страны.

Особое значение для устойчивости Казахстана имеет сохранение межэтнического и межконфессионального согласия. Наша страна исторически сформировалась как пространство культурного и религиозного многообразия. Стабильность такого общества возможна только при строгом соблюдении принципов равенства граждан, взаимного уважения и недопустимости любых форм дискриминации.

Важнейшим принципом остается светский характер государства. Конституция гарантирует каждому свободу вероисповедания, но одновременно четко разграничивает религиозную сферу и государственное управление. Такой баланс является необходимым условием политической устойчивости и предотвращения радикализации.

Значительный интерес в обществе вызывает и создание института «Халық Кеңесі» (Народный Совет). Его задача – усилить диалог между государством и обществом, обеспечить участие представителей регионов и различных социальных групп в обсуждении ключевых решений. Этот механизм расширяет возможности общественного участия и укрепляет доверие между гражданами и государственными институтами.

Перед нами исторический момент. Каждый голос – это вклад в прочный фундамент государства, которое будет способно стоять твердо в любой буре мировых вызовов. Сегодня мы решаем не абстрактные вопросы, а судьбу страны, судьбу каждого из нас. Сильная Конституция – это не мечта, а это гарантия того, что Казахстан останется независимым, единым, справедливым и безопасным.

Я уверен, что народ Казахстана проявит мудрость, сплоченность и решимость. Мы вместе создаем будущее, которое будет гордостью наших детей и символом сильной нации. Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет, Андрей Иванович.

Келесі сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Аққожина Бибігүл Бүркітқызына беріледі.

АҚҚОЖИНА Б.Б. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшелері өңірлерге жасаған сапарларында еліміздің жаңа Конституциясының жобасын талқылау бойынша белсенді түрде түсіндіру жұмыстарын жүргізді.

Сенаторлар Маңғыстау, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Батыс Қазақстан, Ұлытау, Ақтөбе, Атырау облыстарында 26 қала мен шалғай аудандарда 91 кәсіпорын мен ұйымдарда кездесулер өткізді. Сапар барысында шағын және орта бизнес өкілдерімен, аграршылармен, жастармен, сондай-ақ кәсіпорындар және білім беру ұйымдарының ұжымдарымен кездесулер өткізілді. Ел экономикасының өсуі мен жаңғыруының қозғаушы күші болып табылатын кәсіпкерлік қауымдастығымен диалогқа ерекше назар аударылды.

Басқосу барысында жерлестеріміз жаңа Конституция жобасына қатысты өз пікірлері мен ұсыныстарын белсенді түрде білдірді. Көптеген алаңдарда жүргізіліп жатқан реформаларға және Мемлекет басшысының әділетті, ашық әрі тиімді мемлекет құруға бағытталған саясатына жоғары қолдау білдірілді. Талқылаулар барысында жаңа

Конституция жобасының елдің экономикалық дамуына қатысты ережелері азаматтардың ерекше қызығушылығын тудырды.

Біріншіден, қоғамдық және экономикалық өмірдің барлық салаларының цифрландыру бағытын бекіту маңызды. Конституция жобасында цифрлық ортаны дамытуға және азаматтардың цифрлық кеңістіктегі құқықтарын қорғауға ерекше көңіл бөлінген. Бұл мемлекетіміздің заманауи технологиялық өзгерістермен қатар дамуға ұмтылысын көрсетеді. Мұндай тәсіл цифрлық экономиканы қалыптастыруға, инновацияларды дамытуға, жаңа технологияларды енгізуге және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға берік негіз қалайды.

Екіншіден, бизнес үшін тұрақты және болжамды ережелерді нығайту айрықша маңызға ие. Бұл бизнес жүргізу қағидалары түсінікті, ашық және тұрақты болуы тиіс дегенді білдіреді. Жаһандық бәсекелестік жағдайында дәл осындай тұрақты құқықтық орта инвестиция тартудың және кәсіпкерлікті дамытудың негізгі факторы болып табылады.

Үшіншіден, жаңа Конституция жобасында жекеменшікті қорғауға және кәсіпкерлік қызмет еркіндігіне ерекше назар аударылған. Бұл нормалар бизнес үшін берік құқықтық кепілдіктер қалыптастырып, кәсіпкерлердің заңды құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді, елімізде қолайлы инвестициялық ахуалдың орнығуына ықпал етеді. Сондай-ақ ел дамуының экономикалық драйверлері ретінде жекелеген өңірлердің ерекше мәртебесін бекіту маңызды жаңашылдық болып саналады. Бұл өңірлердің әлеуетін тиімді ашуға, экономиканың жаңа өсу нүктелерін қалыптастыруға және бизнес, инновациялар мен инвестициялар үшін жаңа мүмкіндіктер құруға жағдай жасайды.

Осылайша ұсынылып отырған конституциялық ережелер экономиканы жаңғыртуға, кәсіпкерлікті дамытуға және Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға арналған ұзақ мерзімді институционалдық негіз қалыптастырады. Сонымен қатар жаңа Конституция қабылданғаннан кейін мемлекет, қоғам және технологиялық сектор арасындағы өзара іс-қимылдың жаңа архитектурасы қажет. Жаңа жасанды интеллект платформалары негізінде экономиканың одан әрі дамуына жағдай жасайтын жаңа нормативтік шешімдер әзірленетін болады.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Өңірлердегі кездесулер барысында біз жүздескен жерлестер мемлекет мүддесін қолдайтын барлық бастамаларда жоғары азаматтық белсенділік танытады деп сенеміз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Бибігүл Бүркітқызы.

Келесі сөз Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің мүшесі Рүстемов Руслан Рүстемұлына беріледі.

РҮСТЕМОВ Р.Р. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Сенаттың Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитетінің депутаттары жаңа Конституция жобасын түсіндіру жұмыстары аясында Қызылорда, Ақмола, Абай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Жетісу облыстарына, Шымкент қаласына жұмыс сапарымен барып, жергілікті тұрғындармен және түрлі сала өкілдерімен жүзден аса кездесу өткізді. Еліміздің әр қиырында өткен кездесулер облыс, аудан орталықтарымен бірге қырыққа жуық ауылдық

елді мекенді де қамтыды. Атап айтқанда, еңбек ұжымдарымен, педагогикалық қауымдастықтармен, мәдениет қызметкерлерімен, медицина саласының мамандарымен, жастармен, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы саласының өкілдерімен, қоғамдық ұйымдармен және ауыл тұрғындарымен мазмұнды пікір алмасулар өтті.

Мемлекет басшысының биыл Қызылордада өткен Ұлттық Құрылтайда конституциялық-саяси реформаның негізгі идеялық мазмұнын айқындауы тарихи мәнге ие айтулы оқиға болды. Ең маңыздысы Президенттің халықшыл бастамалары аясында алдағы 15 наурызда өтетін республикалық референдум ел үшін ең маңызды, тағдыршешті мәселелер бойынша шешім қабылдау халықтың еншісінде екендігін тағы бір мәрте айқындап тұр.

Халықтың билікке деген сенімін нығайтып, әділеттілікке негізделген бұл өзгерістер азаматтардың мемлекет істерін басқаруға қатысуын қамтамасыз ететін нақты кадам. Сондай-ақ қоғамда айтылып жүрген ұсыныстар тек пікір ретінде қалып қоймай, заңнамалық бастамаларға, мемлекеттік бағдарламаларға, өңірлік жобаларға айналғаны да халықтың мемлекетті басқару ісіне араласу белсенділігін арттыра түсті. Оның айқын мысалы ретінде әйелдер мен балалардың құқығын қорғау, вейптерге тыйым салу, қоғамдық әдеп, ономастика жөніндегі, вандализммен күрес, ойын бизнесін шектеу секілді маңызды шешімдер қоғамдық пікір тарапынан айтылған ойлардың жемісіне айналғанын көруге болады, яғни елімізде Мемлекет басшысының бастамасымен жүргізіліп жатқан саяси және конституциялық реформалар қоғам мен мемлекет арасындағы қатынасты түбегейлі жаңа деңгейге көтергенін атап өткен жөн.

Өңірлердегі кездесулер барысында азаматтар Президент бастамашы болған ауқымды саяси реформаларға толық қолдау білдіріп, жаңа Конституцияны қабылдауды еліміздің саяси жаңғыруының маңызды кезеңі ретінде бағалады. Халық өкілдері алдағы республикалық референдумға қатысуға дайын екендерін жеткізіп, Ата заңды жаңарту мемлекет дамуының жаңа кезеңіне жол ашатынын атап өтті. Мәселен, халықтың пікірлері мен ұсыныстары жаңа Конституция жобасын әзірлеу барысында нақты ескерілгенінің бір дәлелі, Қызылорда облысының тұрғыны Махамбетәлі Әбдіхамитұлы Конституция мәтініндегі «гимн» терминін ана тіліміздегі «әнұран» сөзімен алмастыруды ұсынады. Алғашында ұсынысының назарға алынарына күмәнмен қараған 33 жастағы жас ұстаз көп ұзамай Конституциялық реформа жөніндегі комиссиядан ресми жауап алғанын, оның ұсынысы қолдау тапқанын айтады. Нәтижесінде жаңа Конституция жобасындағы Мемлекеттік рәміздер туралы 11-бапта «гимн» термині «әнұран» деп өзгертілді. Сондықтан жаңа Конституция жобасын мемлекет пен қоғам арасындағы сенімді нығайтатын, еліміздің болашағына бағытталған аты да халықшыл, заты да халықшыл құжат деуге толық негіз бар.

Аймақтарда өткен талқылауларда азаматтар жаңа Конституция жобасындағы білім беру, ғылым, мәдениет және инновация салаларын дамытуға қатысты нормаларға айрықша назар аударды. Бұл бағыттардың мемлекет қызметінің стратегиялық басымдығы ретінде айқындалуы жұртшылық тарапынан оң бағаланды.

Сонымен қатар кездесулерде мәдени мұраны сақтау, ұлттық бірегейлікті нығайту және қоғамдағы дәстүрлі рухани құндылықтарды қорғау мәселелері де кеңінен талқыланды. Азаматтар мәдениетті қолдау мен ұлттық дәстүрлерді келер ұрпаққа жеткізудің елдің рухани тұтастығы үшін ерекше маңызға ие екенін атап өтті. Отбасы

институтын нығайту мәселелері де тұрғындар тарапынан кең қолдау тапты. Жиынға қатысушылар жаңа Конституция жобасында неке ер мен әйелдің ерікті әрі тең құқықты одағы ретінде айқындалғанын атап өтіп, отбасы қоғамның негізгі тірегі екенін және оны мемлекет тарапынан қорғау мен қолдау елдің орнықты дамуы үшін аса маңызды екенін жеткізді.

Бұдан бөлек халықты әлеуметтік қорғау, лайықты еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, азаматтардың осал топтарын қолдау және әлеуметтік саясатты одан әрі жетілдіру мәселелері де жиі көтерілді. Бұл ұсыныстар жаңа Конституция жобасының әлеуметтік әділеттілік қағидаттарына негізделгенін айқындай түседі. Мысалы, қолданыстағы Конституциядағы «әркім» деген термин жаңа Конституция жобасында «әрбір адам» деген сөз тіркесіне ауыстырылды, бұл еңбек ету құқығының жеке тұлғаның табиғи әрі әмбебап құқығы екенін айқындайды. Жалпы қолданыстағы Конституция мен жаңа Конституция жобасын салыстырып қарағанда Ата заңның жаңа жобасында «адам» сөзі 1,5 есеге көп қолданылғанын көруге болады.

Комитет депутаттарының өңірлердегі түсіндіру жұмыстары қоғам тарапынан ұсынылып отырған конституциялық өзгерістерге қолдау жоғары екенін байқатты. Алдағы жалпыхалықтық маңызы бар саяси таңдау еліміздің әрі қарайғы дамуындағы маңызды кезеңінің басты басымдығы ретінде қарастырылып отыр. Демек барша азаматтарымыз осындай сындарлы сәтте сыр бермейді, ортақ мақсатқа үн қосып, референдумға белсенді қатысады деп сенеміз.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Руслан Рүстемұлы.

Келесі сөз Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитетінің мүшесі Арубаев Сәкен Қаланұлына беріледі.

АРУБАЕВ С.Қ. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Өздеріңіз білетіндей, Сенаттың Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аймақтарды дамыту комитетінің депутаттары конституциялық реформалардың негізгі бағыттары мен ұстанымдарын, сондай-ақ алдағы республикалық референдумның маңызын түсіндіру мақсатында өңірлерге барып елді мекен тұрғындарымен бірқатар кездесулер өткізді.

Бұл кездесулер өңір тұрғындарымен ашық пікір алмасу бағытында өтті. Жаңа Конституцияның қоғам дамуының бүгінгі талаптарына толық жауап беретін стратегиялық құжат екені кеңінен талқыланды. Қазіргі күрделі геосаяси жағдайда түрлі қауіп-қатер көбейген кезеңде мемлекет қауіпсіздігін сақтау басты міндеттердің бірі екені ерекше аталды. Тұрғындар осы мәселелер төңірегінде өз ойларын ашық айтып, пікірлерімен бөлісті. Сонымен қатар жаңа Конституцияда көзделіп отырған құқықтық нормалардың мемлекеттік билік тармақтарының теңгерімді жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, адами капиталды дамытуға, цифрлық экономикаға көшуге, экологиялық тепе-теңдікті сақтауға, сондай-ақ жер мен су секілді табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға бағытталғаны кеңінен сөз болды.

Кездесулер барысында қойылған сұрақтар мен көтерілген мәселелерден қоғамда және әлемде болып жатқан жағдайлардың ешкімді бейжай қалдырмай отырғаны белгілі болды. Жиынға қатысушылар Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Естуші мемлекет» құруға бағытталған саясатын қолдайтынын және оның нақты іске асып келе жатқанын да атап өтті. Осы тұрғыда жаңартылған негізгі заңды қабылдау Мемлекет басшысының 2019 жылдан бергі дәйекті түрде жүргізіп келе жатқан реформаларының логикалық жалғасы әрі қоғам мен мемлекет арасындағы ашық диалогты одан әрі нығайта түсетін маңызды қадамы ретінде бағаланатындарын айтты. Әсіресе ауыл тұрғындарын толғандыратын мәселелердің бірі – жер мен су, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және олардың құқықтық тұрғыдан реттелуі екені байқалды. Осы орайда конституциялық реформалар аясында жер, жер қойнауы, су ресурстары, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі және өзге де табиғи ресурстар халыққа тиесілі ұлттық байлық ретінде қарастырылатыны, бұл ұстанымның Ата заңда сақталғаны барлық кездесулерде ерекше қолдау тапты.

Сонымен қатар жаңартылған Конституцияда Мемлекет басшысының бастамасымен әзірленген «Таза Қазақстан» жобасындағы экологиялық жауапкершілік пен жасампаз патриотизм қағидаттарының көрініс тапқаны, мемлекет пен қоғамның табиғи ресурстарды пайдалану барысында өзара жауапкершілік тұрғысындағы моделінің қалыптасатыны ерекше әсер берді. Осы ретте аудандарда өткен кездесулердің бірінде бір ақсақалдың айтқан сөзі ауыл тұрғындарының көңіл күйін айқын көрсеткендей болды. Ол кісі: «Жер мен су – халқымыздың ең қастерлі байлығы. Егер осы құндылықтар Конституция арқылы сенімді қорғалса, онда біз балаларымыз бен немерелеріміздің болашағына нық сеніммен қарай аламыз», – деп атап өтті.

Шынында да ХХІ ғасырда табиғи ресурстар экономиканың тұрақтылығына, азық-түлік қауіпсіздігіне және мемлекеттің егемендігіне тікелей әсер ететін стратегиялық ресурсқа айналып отыр. Сондықтан олардың халыққа тиесілігі, конституциялық тұрғыдан бекітілуі ауыл тұрғындары мен аграрлық саланың мамандары тарапынан кең қолдау тапқаны байқалды. Жалпы барлық кездесулерде тұрғындар әрбір сала қызметкерінің қауіпсіз еңбек етуі, лайықты жалақы алуы және әлеуметтік тұрғыдан қорғалуы, оның негізгі заңмен бекітілуі әділетті қоғам қалыптастыруға бағытталған маңызды қадам екенін атап өтті. Кездесулер қорытындысында өңір тұрғындары алдағы республикалық референдумға белсенді қатысуға және Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын қолдауға дайын екендіктерін ашық айтты.

Жаңартылған Конституция еліміздің одан әрі өркендеуіне, тәуелсіздігіміздің нығаюына және болашақ ұрпақтың әл-ауқатының жақсаруына негіз болады деген сенімдемін.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Сәкен Қаланұлы.

Құрметті депутаттар! Тұрақты комитеттердің ақпараттарын толық тыңдап болдық, енді регламентке сәйкес бұл мәселе бойынша қаулы қабылдауымыз қажет. Қаулының жобасы сіздерде бар.

Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Сұрақтар жоқ. Олай болса қаулыны дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қаулы қабылданды.

Құрметті әріптестер! Өздеріңізге белгілі, қазір біз мемлекеттің тағдырын, елдің ертеңін айқындайтын тарихи кезеңде тұрмыз. Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың бастамасымен соңғы жылдарда ауқымды жаңғыртуларды жүзеге асырдық. Конституциялық реформа осы жүйелі өзгерістердің дәйекті жалғасы. Басты мақсат – тәуелсіздікті күшейту, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру.

Жалпы, қазір бүкіл әлем жаңа кезеңге қадам басып жатқанын көріп отырмыз. Экономика, технология, қауіпсіздік жүйесі және халықаралық қатынас салалары түбегейлі өзгеруде. Бұл үдерістер бізден стратегиялық бағдарымызды айқындап алуды талап етуде. Осы орайда жаңа Конституция ең алдымен жаңа сын-қатерлерге берілген жауап екені сөзсіз. Бұл жаһандық тұрақсыздық жағдайында елдің тұрақты дамуын қамтамасыз ететін аса маңызды шешім. Сонымен қатар жаңа Конституция халыққа қызмет ететін және мемлекеттілікті одан әрі нығайтатын саяси жүйе қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сол арқылы билік органдарының халық алдындағы жауапкершілігі және тиімділігі артады. Осылайша саяси жүйе заманауи талаптарға сәйкес пәрменді әрі нағыз халық үнін еститін құрылым ретінде қалыптасады. Сондай-ақ конституциялық реформа азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз етуге негізгі басымдық береді. Жаңа Ата заң жобасында адам, оның өмірі, құқығы және бостандығы мемлекеттің ең жоғары құндылықтары ретінде айқындалып отыр.

Сенаторлардың өңірлерге сапарларының қорытындысы халықтың жаңа Конституция жобасын қолдайтынын көрсетіп отыр. Палата деңгейінде өткізілген іс-шараларда еліміздегі жетекші сарапшылар, қоғам белсенділері жастар оң пікірлерін білдірді. Жалпы, Сенат Президенттің бастамасымен жүзеге асырылып жатқан барлық реформаны әрқашан қолдайды.

Қазіргідей маңызды сәтте де бәріміз Мемлекет басшысының саясаты аясында бірігіп, жұдырықтай жұмылып әрекет етуге тиіспіз. Шын мәнінде бұл ортақ жауапкершілік кезеңі. Әрбір азамат, әрбір мемлекеттік орган жаңа Конституцияда белгіленген мақсаттарды жүзеге асыруға атсалысуы қажет. Сол себепті барша қазақстандықты 15 наурызда өтетін жалпыұлттық референдумға белсенді қатысуға шақырамыз. Бұл біздің дамыған мемлекет әрі болашағы жарқын қоғам екенімізді көрсетеді. Осы жолда халқымыз ауызбіршіліктің биігінен көрінеді деп сенемін.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Құрметті әріптестер, депутаттық сауалдар бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2026 жылғы 11 наурыз

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі қабылдаған «Түркі мемлекеттері ұйымының Азаматтық қорғау тетігін құру туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жөнінде

О Законе Республики Казахстан «О ратификации Соглашения о создании Механизма гражданской защиты Организации тюркских государств», принятом Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы А.И. ЛУКИННІҢ баяндамасы

Доклад председателя Комитета по международным отношениям, обороне и безопасности ЛУКИНА А.И. 1

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ОРЫНБЕКОВ Б.С. 3
ТҰРСЫНБАЕВ К.А. – Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар вице-министрі, вице-министр по чрезвычайным ситуациям Республики Казахстан 3
ӘЙТКЕНОВ Е.Н. 3
ТҰРСЫНБАЕВ К.А. 4
ШИПОВСКИХ Г.Г. 4

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы жобасының ережелерін түсіндіру аясында Сенат депутаттарының өңірлерге шығу қорытындылары бойынша ақпаратты тыңдау

О заслушивании информации по итогам выезда депутатов Сената в регионы в рамках разъяснения положений проекта новой Конституции Республики Казахстан

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

БЕКНАЗАРОВ Н.Қ. 5
МӘКЕЖАНОВ С.А. 7
ЛУКИН А.И. 9

АҚҚОЖИНА Б.Б.	10
РҮСТЕМОВ Р.Р.	11
АРУБАЕВ С.Қ.	13

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы» РМК директоры

М. Искаков

ШЖҚ-дағы «Материалдық-техникалық
қамтамасыз ету басқармасының
инженерлік орталығы» РМК
Стенографиялау қызметінің басшысы

Г. Молдашева